

**Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**

**«Арқаның алтын сандығы»  
Әдеби танымдық кеш.  
(Ақселеу Сейдімбектің  
80 жылдық мерейтойы)**

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: О.Досхожаева.  
2021-2022 оқу жылы.**

26.01.2022

Денс. көф

## Арқаның алтын сандығы.

«Арқаның алтын сандығы» әдеби - танымдық кеш ғалым, жазушы, зерттеуші Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің 80-жылдық мерейтойына арналады.

**Мақсаты:** Білімділік: Арқаның алтын сандығы жерлес қаламгер Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің өмірі мен шығармашылығын жан - жақты тану, көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру.

**Дамытушылық:** Алаштың Ақселеуінің прозасы мен зерттеулерінің өзіндік ерекшелігін үгіндыру, жерлес қаламгеріміздің даралығын танытып, шығармаларын талдау.

**Тәрбиелік:** Ақселеу шығармашылығының терендігін сезіндіру, адамгершілік, ұлтжандылық эстетикалық, өнерпаздық қырынан тану.



Ақселеудің қыры мен сырын түгел айтып таусу мүмкін емес. Бұл оны мактап-мадақтап, атын аскактату үшін айтыла салған көпірме, қыздырманың қызыл сөзінің бірі демессіз. Ақселеу жаратылыс-тұмысынан бекзат азамат. Оның домбыра шауып, шақша жасап, қамшы өретін қолөнер шебері, конырлата ән айтып, күмбірлете күй тартатын өнерпаздығы, қеудесі алтын сандық көрі құлақ, ескінің көзі – қарияларша күнді түнге ұластырып, үзак таңға майын тамызып айтатын әңгімелі-шежірешілігі ше?

Ақселеу Сланұлы Сейдімбек- қазақтың маңдайына біткен дара жүлдізы болған жазушы, этнограф, шежіреші, зерттеуші, ғалым Ақселеу атамыз жайлы анызға бергісіз әңгімелер көп. Біреу ол кісінің білімділігін айтса, біреу шежірешілдігін, тағы біреу әншілігін мақтайды. Ақселеу Сейдімбек қайтыс болғанда әрі досы, әрі замандасты жазушы

Әбіш Кекілбаев : «Қазақта сал қандай болады?

Ақселеудей болады.

Сері қандай болады?

Ақселеудей болады.

Би қандай болады? Ақселеудей болады.

Батыр қандай болады?

Ақселеудей болады.

Пір қандай болады?

Ақселеудей болады.

Қазақтың жақсысы мен жайсаңының бәрі қандай болады?

Ақселеудей болады.

Қазақтың кәтепті қара нары қандай болады?

Ақселеудей болады. Бәрінің орнына бір гана Ақселеу жүре алады.

Ал Ақселеудің орнына кім жүре алады?» – деп орны толmas казага қатты қайғырган екен .

Ақселеу Сейдімбек өткен ғасырдың 70-80 жылдар аралығында көркем әдебиет жанрында бірқаншама қалам тербейді. «Қыз ұзатқан», «Күзеуде», «Бір атым насыбай», «Аккызы» сынды шығармалар жазып жүріп, «Көркем шығарма дегенің бос сөздің желқабызы екен. Одан да еліміздің руханиятын құтқаратын ғылыми-көпшілік жаңирга кошем», – деп, әріптесі әрі досы Тұрсын Жұртбайға пікірін айттып, біржола ғылымға бет бүрган да Ақселеу Сейдімбек атамыз еді.

Зерттеуші –ғалым қазақ тарихы мен әдебиетіне көптеген мұра қалдырган. Ата-бабамыздың тарихы мен шежіресін, тарихта болған батырлар мен билердің өмірі, Қорқыттан кейін тартылуы әлсіреп бара жатқан күй шежірелеріне қосқан үлесі мол болбаны көпшілікке аян. Алайда жазушының қаламынан шыққан көркем туынды туралы өзіндік көзқарас та, өзгешелік те ерекше екенін айттып өтпекпін.

Жазушы қаламынан шыққан «Қыз ұзатқан», «Бір атым насыбай», «Аккызы» хикаялтарында XIX ғасырдағы қазақ даласының түрмис-тіршілігін анық көреміз. Мұнда қазақтың көшпелі дәуірдегі мамыржай тіршілігі, елдегі тартыс пен барымташылық, адамдар арасындағы рухани адамгершілік қатынас, сыйластық пен өз мақсаты мен маҳаббаты үшін күрескен кейіпкер бейнесін анық көреміз.

Ақселеу атамыз өзінен кейін бага жетпес мұра қалдырып кетті. Ал оның азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттерінің ең бастысы — оның жалтақсыз ұлтжандылығы. Бұл ұлтжандылық - әйтеуір бір ұлтка тиесілі болғандықтан киқуга ілесетін пендешіліктен ада, халқының қадыр-қасиетін терен танып-түсінуден туындаған құрбаншыл ұлтжандылық. Содан да болуы керек, ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани дәулетін еселеп, жаналыққа жаршы болып, әсірессе, халық мұрасының еленбей жатқан қырларын түгендей отыруға айырықша құштар. Оның шығармашылық және ғылыми еңбегінің бедерлі тұстарын былайша саралауға болады:

"предоставить" компроматы на потенциальных противников, преследуя какие-то свой цели, сводя старые, известные только им счеты...

Когда же поставили подслушивающее устройство в доме - музее М.Ауэзова, я понял, что пора делать выбор между исполнением служебного долга и простой человеческой совестью. Обдумав все варианты, пошел на отчаянный шаг: попросил своего брата Орала Жунусова передать Ш. Смаханулы, А. Сейдимбекову, М. Ауэзову, что ими занимается КГБ, следят, подслушивают, пусть будут осторожны, так как их безопасность прямо пропорционально количеству материалов, которые сможет "добыть" 5 управление. Орал также должен был обо всем подробно рассказать О. Сулейменову" (Т. Ахметов. Анатомия молчания. — Жалын. 1997. № 7-8. 241-243- беттер).

Қазақ халқының рухани мәдениетінде музыканың, оның ішінде күй өнерінің алар орыны айырықша. Күй — синкретті өнер. Күйді таратушының шеберлігі, күйді шығарушының өмір дерегі, күйдің шығу себебі туралы аныз-әңгімесі және күйді түсінетін тыңдаушы бір сәтте тоғысқанда гана күй өнері біртұтас жанрлық болмысын айғақтай алады. Бұл талаптардың бірі кемшін болған жағдайда күй өнерінің жанрлық болмысы бүтін болмайды. Күй өнері өзінің молдығымен, эстетикалық - эмоциялық рухының асқақтығымен және ғасырлар аясындағы оқиғаларды арқау етуімен ұлттық рухани мәдениетіндегі айырықша құбылыс болып табылады. Бүгінгі таңда тіркеуге алынған, қолда бар күйлердің саны бес мынданай. Бұл күйлердің барлығының дерлік аныз -әңгімесі бар. Ол аныз - әңгімелер өрісі байыргы қошпелілердің, берісі казақ халқының тарихи-әлеуметтік өмірінің "жанды шежіресі" (М.О.Әуезов) болып табылады.

Өкінішке орай, осы ұлы мұра соңғы кезге дейін музыка зерттеушілері үшін филологиялық объект больш есептелсе, филологтар үшін музыкалық мұраның объектісі ретінде ескерусіз қалып келді. Міне, әрі тарихи зердені, әрі музыкалық біліктілікті, әрі филологиялық пайымдауды қажет ететін казақтың осы сияқты синкретті бітімдегі мол мұрасын жинауда, зерттеуде және халықтың рухани игілігіне айналдыруда А. Сейдімбек тұнғыш рет кешенді зерттеулер жүргізіп, нағыз ғалымға лайық табандылық танытта алды. Осы мәселелерді саралай отырып, ол 1997 жылы докторлық диссертациясын сәтті корғап шықты.

Күй өнеріне қатысты Акселеу Сейдімбектің ғылыми ізденісі докторлық диссертация қорғауымен тынған жок. Ұлттың рухани әлемінде күй өнерінің айырықша орынын терең сезінген ол тынымсыз іздене жүріп, тақырыпка тікелей қатысы бар әлемдік аядағы айғақ-деректерді ерінбей жинайды. Байыргы қошпелілердің музыкалық мәдениетіне қатысты грек, рим, араб, парсы, қытай жәдігерліктерінен мағлұмат сүзеді. Өзі тікелей тұз жұмыстарын жүргізіп, ел ішінен екі мынданай күй анызын жинақтайды, оның жүздеген таңдаулы нұсқаларын хатқа түсіреді, 150-ге тарта күйші-композиторлардың өмірі мен шығармашылығы туралы тың деректер жинайды. Сөйтіп, күй өнерінің тарихи-деректік, жанрлық- құрылымдық, философиялық-эстетикалық мәнін ғылыми

биік өреде жан-жақты ашып көрсеткен "Қазақтың күй өнері" атты көлемді енбекін (2002) жарыққа шығарады. Оның бұл кітабы қазақтың төлтума мәдениетін танып-түсіну жолында терең біліктілікпен жазылған, энциклопедиялық мол дерек беретін, ғылыми жаңалығы толымды енбек ретінде назар аудартады.

"Өзіндік қасиеттен айырылған үлт өледі. Үлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан, азапты өмірді тәнірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүргегін жылтытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ак". А.Сейдімбек.

### Ақселеу және кино өнері

Ақселеу Сейдімбек «Ықылас күйші», 1983, «Әнші Жәнібек Кәрменов», 1993, «Абайдың «Ескендір» поэмасы 1994, «Асыл қазына» 1996, «Зергер» 1998, телефильмдеріне және Асанәлі Әшімовтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» атты еki сериялы көркем фильміне 1993 жылы түскен.

Қазақта сал қандай болады?

Ақселеудей болады.

Сері қандай болады?

Ақселеудей болады.

Би қандай болады?

Ақселеудей болады.

Батыр қандай болады?

Ақселеудей болады.

Пір қандай болады?

Ақселеудей болады.

Қазақтың жақсысы мен жайсанының бәрі  
қандай болады?

Ақселеудей болады. Қазақтың қатепті  
қызыл нары қандай болады?

Ақселеудей болады. Бәрінің орнына бір  
ғана Ақселеу жүре алады. Ал Ақселеудің  
орнына кім жүре алады? Ешкім де емес,  
тек Ақселеудің өзі жүре алады»

**Әбіш Кекілбаев.**

# Арқаның алтын асығы

